Тұрғын үйді сатып алуды қаржыландыруға арналған өтінімдерді қарауда ұсынылатын құжаттар тізімі*

1	Жеке куәлік/Паспорт/Тұруға ыхтиярхат (түпнұсқамен салыстырып тексерілген көшірме немесе НР көшірме): - Клиент; - Қосалқы қарыз алушы; - Кепіл беруші; Жылжымайтын мүлікті сатушы береді.
2	Неке туралы\некені бұзы туралы куәлік (түпнұсқамен салыстырып тексерілген көшірме): - Клиент; - Қосалқы қарыз алушы; - Кепіл беруші; Жылжымайтын мүлікті сатушы береді;
3	Балалардың туу туралы куәлігі/жеке куәлігі (түпнұсқамен салыстырып тексерілген көшірме): - Клиент; - Қосалқы қарыз алушы береді;
4	Лауазым мен еңбек өтілін көрсете отырып, жұмыс орнынан анықтама (түпнұсқа): - Клиент; - Қосалқы қарыз алушы береді;
5	Жұмыс берушіден соңғы 6 (алты)* айға табыстар туралы анықтама (түпнұсқа): - Клиент; - Қосалқы қарыз алушы береді; * Егер осы жұмыс орнындағы өтілі 6 (алты) айдан аз болса, анықтама ағымдағы жұмысқа орналасу мерзіміне берілуі қажет.
6	Зейнетақы қорынан соңғы 12 (он екі) айға үзінді көшірме (түпнұсқа): - Клиент; - Қосалқы қарыз алушы береді;
7	Сотталмағандығы туралы анықтама: - Клиент; - Қосалқы қарыз алушы береді.
8	Кепілге алынатын және/немесе берілетін жылжымайтын мүлікке құқық белгілеуші құжат (көшірме);
9	Кепілге алынатын және/немесе берілетін жылжымайтын мүлікке техникалық және сәйкестендіру құжаты (көшірме);
10	Жеке меншік иесіне жылжымайтын мүлікке меншік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы хабарландыру (егер меншік құқығы электрондық формата жүзеге асырылған жағдайда қолданылады)
11	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтарды) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама (түпнұсқа);
12	Кепілдікке берілетін жылжымайтын мүлікті бағалау туралы есеп
13	**Егер жылжымайтын мүлікті сатушы заңды тұлға болса:** • Заңды тұлғаның құрылтай және өзге де құжаттары; • Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік; • Заңды тұлғаның тіркелгені/қайта тіркелгені туралы тіркеуші органның белгісі бар барлық өзгертулер мен қосымшалар енгізілген жарғы және заңды тұлғаның

	тіркелгені/қайта тіркелгені туралы тіркеуші органның белгісі бар заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу туралы белгіленген нысанды анықтама (егер заңды тұлға қызметті типтік жарғы негізінде жүзеге асырған жағдайда) (компания мөрімен және ЖО мөрімен жіне оның қолымен расталған көшірме); Банкке Сатушы заңды тұлғаның Жарғысы алдын ала берілген жағдайда, бұдан әрі Сатушының алдын ала берілген Жарғысының көшірмесіның барлық өзгертулер мен толықтырулар енгізілген көшірмесі беріледі. Сонымен қатар қаржыландыруға өтінім берген мерзімде Әділет Департаментінен берілген заңды тұлғаның барлық тіркелген әрекеттері туралы анықтама бойынша Жарғының нотариалдық расталған көшірмесі берілген қарыз беру мерзімінде болмаған Жарғыға өзгертулер енгізу туралы ақпарат болса, мұндай өзгертулердің бәрінің компания мөрімен және ЖО мөрімен және оның қолымен расталған көшірмесі беріледі; • Әділет Департаментінен берілген заңды тұлғаның барлық тіркелген әрекеттері туралы анықтама. Аталған анықтамада қатысушылар, заңды тұлғаның бірінші басшысы, құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар мерзімдері туралы жазылады; • Атқарушы органды (оның басшысын) таңдау (тағайындау) туралы құжаттар; • заңды тұлға атынан барлық құжаттарға қол құқығы бар тұлғаға сенімхат (заңды тұлғаның мөрмен куәландырған көшірмесі); • Жылжымайтын мүлікті сатып алу және сату шартына қол қою құқығы бар тұлғаның жеке куәлігі (нотариалдық куәландырылған көшірме немесе түпнұсқамен салыстырып тексерілген көшірме); • Компания өкіліне – Сатушыға сенімхат (нотариалдық куәландырылған көшірме немесе түпнұсқамен салыстырып тексерілген көшірме); • Заңды тұлғаның мүлікті меншіктен шығару туралы (нотариалдық куәландырылған көшірме немесе компания мөрімен расталған көшірме) тиісті басқару органының шешімі (қатысушылардың жалпы отырысы/жалғыз қатысушының, директорлар кеңесінің шешімі және т.б.).
14	**Жеке кәсіпкер болатып табылатын Клиент/Қосалқы қарыз алушы келесі құжаттарды ұсынады:** • Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік көшірмесі; • соңғы 2 (екі) жылға шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация көшірмесі; • бюджет алдында берешектің жоқ екендігін көрсететін анықтама және дербес шоттардың деректері; •соңғы 12 (он екі) айға банк шотынан үзінді көшірме; • кәсіпкерлік қызметтерді жүргізуден түскен қаражатты растайтын қызметтер көрсету, мердігерлік, жалға алу құжаттарының көшірмесі.
15	**Жылжымайтын мүлікті жалға беруден қосымша табыс табатын клиент келесі құжаттарды ұсынады:** • соңғы 12 (он екі) айға банк шотынан үзінді көшірме; • жылжымайтын мүлікті жалға беру шартының (тарының) көшірмесі; • жалға берілетін жылжымайтын мүлікке құқық белгілеуші құжаттар.

* Банк қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.